

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ**

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасы**

**ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

<b>Мамандық атауы:</b>	Дене шынықтыру және спорт
<b>Мамандық шифры:</b>	5В010800
<b>Дайындау бағыты:</b>	Білім
<b>Берілетін дәреже:</b>	Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім бакалавры

Элективті пәндер каталогы 5B010800- «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы үшін дайындалды.

**Құрастырушылар:**

1. магистр аға оқытушы Б. Асубаев.
2. магистр аға оқытушы Ж.Ш. Серимбетов.
3. магистр аға оқытушы Қ.С. Сихымбаев.

«Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама) талқыланды.

Кафедра меңгерушісі

Қонарбаев Ж.Ө.

ӘК төрағасы

Сихымбаев Қ.С.

Педагогика факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрағасы

Қыпшақбаева С.

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама) бекітілді.

## Кіріспе

### **5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім беруге 2 траектория ұсынылады:**

1) 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» 5B010801– Таңдаған спорт түрі мамандандыруының білім беру траекториясы

2) 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» 5B010802- Дене шынықтыру мұғалімі бойынша жаттықтырушы мамандандыруының білім беру траекториясы

Бітірушіге «Білім бакалавры» дәрежесі беріледі.

5B010801– Таңдаған спорт түрі, 5B010802- Дене шынықтыру мұғалімі бойынша жаттықтырушы мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітірушілер төмендегі қызметтер атқара алады:

- жалпы орта білім беру, орта кәсіптік оқу орындарында (колледждер, гимназиялар, балалардың спорт мектептері мен клубтарында),

- басқару органдарының маманы (білім беру бөлімдер; әкімшіліктер дене шынықтыру бойынша мемлекеттік басқару. Спорт клубтарында дене шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру).

5B010801 – Таңдаған спорт түрі, 5B010802- Дене шынықтыру мұғалімі бойынша жаттықтырушы мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітірушілер төмендегі қызметтер атқара алады:

- Дене шынықтыру мен спорт басқаруды түрлі деңгейінде ғылыми тұрғыда менеджмент пен маркетингті ұйымдастырушысы.

- Дене шынықтыру мұғалімі, туризмнің спорттық және белсенді түрлерінің менеджер нұсқаушысы.

- Дене шынықтыру және спорт саласындағы менеджмент қызмет көрсету.

Элективтік пәндер каталогы жоғарыда аталған екі білім беру траекториясы бойынша жасалынды. 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша негізгі оқытылатын таңдау пәндер бірыңғай кәсіптендіру пәндері циклдерінде мамандандырудың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, кейбір төмендегідей пән айырмашылықтары көрсетілді.

### **Кәсіптендіру пәндері циклы**

#### **1- білім беру траекториясы**

1.1.Емдік дене тәрбиесі және массаж \3 кредит\

1.2. Аурудың алдың алу негіздері \3кредит\

1.3. Улы заттардың биохимиясы \3кредит\

2.1.Таңдап алынған спорт түрінің дене дайындығы\3кредит\

2.2. Таңдап алынған спорт түріндегі (волейбол) дене дайындығы\3кредит\

2.3. Таңдап алынған спорт түріндегі (баскетбол) кәсіптік жаттықтырушылық қызметін жетілдіру\3кредит\

3.1.Таңдап алынған спорт түрлерінен техникалық және тактикалық дайындық\3кредит\

3.2. Таңдап алынған спорт түріндегі (волейбол) техникалық және тактикалық дайындығы\3кредит\

3.3. Таңдап алынған спорт түріндегі (баскетбол) техникалық және тактикалық дайындығы\3кредит\

4.1.Таңдап алынған спорт түріндегі дайындықтың жас ерекшеліктері\3кредит\

4.2. Таңдап алынған спорт түріндегі (волейбол) дайындықтың жас ерекшеліктері\3кредит\

#### **2-білім беру траекториясы.**

1.1.Мектептегі гимнастиканың теориялық және әдістемелік негіздері \3кредит\

1.2. Мектепте гимнастиканы оқыту әдістемесі \3кредит\

1.3. Гимнастикада функционалдық сапаларды дайындау әдістемесі \3кредит\

2.1.Мектептегі жеңіл атлетиканың теориялық және дене дайындығы \3 кредит\

2.2. Мектепте жеңіл атлетиканы оқыту әдістемесі \3кредит\

2.3. Жеңіл атлетика функционалдық сапаларды дайындау әдістемесі \3кредит\

3.1.Мектептегі баскетболдың теориялық және әдістемелік негіздері \3кредит\

3.2. Мектепте баскетболды оқыту әдістемесі \3кредит\

3.3. Баскетболда функционалдық сапаларды дайындау әдістемесі \3кредит\

4.1.Мектептегі волейболдың теориялық және әдістемелік негіздері \3кредит\

4.2. Волейболда функционалдық сапаларды дайындау әдістемесі \3кредит\

4.3. Таңдап алынған спорт түріндегі (баскетбол) дайындықтың жас ерекшеліктері\3кредит\	4.3. Мектептегі волейболдың теориялық және әдістемелік негіздері \3кредит\
5.1.Таңдап алынған спорт түріндегі спорттық педагогикалық шеберлік негіздері \3кредит\ 5.2. Таңдап алынған спорт түріндегі (волейбол) спорттық педагогикалық шеберлік негіздері \3кредит\ 5.3. Таңдап алынған спорт түріндегі ( баскетбол) спорттық педагогикалық шеберлік негіздері \3кредит\	5.1.Мектептегі футбол мен гандболдың теориялық және әдістемелік негіздері \3кредит\ 5.2. Мектептегі футбол мен гандболдың оқыту әдісімен \3кредит\ 5.3. Футбол мен гандбол әдістемелік негіздері \3кредит\
6.1.Таңдап алынған спорт түрінен спорттық жаттығу процесін басқару\3кредит 6.2. Таңдап алынған спорт түріндегі (волейбол) спорттық жаттығу процесін басқару\3кредит 6.3. Таңдап алынған спорт түріндегі (баскетбол) спорттық жаттығу процесін басқару\3кредит	6.1.Мектептегі ұлттық спорт түрлерінің теориялық және әдістемелік негіздері\3кредит 6.2. Мектептегі ұлттық спорт түрлері оқыту әдісімен\3кредит 6.3. Мектептегі ұлттық спорт түрлері\3кредит
7.1.Баскетбол, қол добы оқыту әдістемесімен\3 кредит 7.2. Пионербол оқыту әдістемесімен\3кредит 7.3. Ригбол оқыту әдістемесімен\3кредит	7.1.Мектептегі жүзудің теориялық және әдістемелік негіздері\3кредит 7.2. Мектептегі жүзудің әдістемелік негізі\3кредит 7.3. Мектептегі жүзудің функционалдық сапаларды дайындау әдістемесі\3кредит

Жоғары оқу орнында 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша 5B010801 – Таңдаған спорт түрі және 5B010802- Дене шынықтыру мұғалімі бойынша жаттықтырушы мамандандыруының білім беру траекториясы элективтік пәндер каталогы шеңберінде жасалынып, студенттерге таңдауға ұсынылады.

## Цикл атауы: Жалпы пәндер циклы 7 - кредит (315сағат)

### 1.1 Пән атауы: Әлеуметтану (3 кредит, 135 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** Студенттерге негізгі теоретикалық бағыттар мен ғылымда қолданылатын эмпирикалық әдістер жөнінде кешенді білімдерді беру. Берілген пән әлеуметтік құрылым туралы, әлеуметтік процестер және әлеуметтік институттар - қоғам дамуының өте маңызды элементтері ретінде, әр түрлі әлеуметтанулық бағыттар мен мектептер, жинау әдістемесі және әлеуметтік ақпараттарды өңдеу жөнінде жүйеге келтірілген білімдерді алуға бағытталған.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары).** Адам мен қоғам жөніндегі ғылымдардың ішінен, әлеуметтік дүние, тұлғаның әлеуметтік өзара қатынастары жөніндегі ғылым-әлеуметтану маңызды орынды иеленеді. Қазіргі кездегі әлеуметтік мәселелердің өзектілігін тұлғаның қоғамдағы орнын және адам жөніндегі білімнің рөлін арттырады. Әлеуметтану адамдар өз өмірін қамтамасыз етіп, қоғамдық қатынастарды реттеу үшін, ұрпақ қалдырып, қоғамның біртұтастығын сақтап қалу мақсатында құрған күрделі әлеуметтік жүйені, институттарды түсінуге көмектеседі. Әлеуметтану кез келген құбылысты адамдық тұрғыдан қарастыруға, оның әлеуметтік механизмдері мен салдарын көруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика мен әлеуметтік мемлекеттің түпкі конституциялық қағидаларын тек әлеуметтану пәні арқылы нақты түсініктермен толығыады. Әлеуметтану қоғам туралы ғылым болғандықтан, бұл пәнді оқын студенттердің меңгеруі оларға өз ортасын тануына, қоғамдағы әртүрлі оқиғалар мен жағдайларды түсінуіне септігін тигізеді.

**Күтілетін нәтижелері.** Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизиттері:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы

**Постреквизиттері:** жоқ

**Оқытушы:** Ахметова Ж.Ш.

### 1.2. Қазақстандық әлеуметтану ғылымының дамуының негізгі тарихи кезеңдері (3 кредит, 135 сағат)

**Оқытудың мақсаты.** Қазақстанда әлеуметтік ойдың қалыптасуы қазақ халқының қоғамдық және әлеуметтік болмысының, дүниетанымының, әлеуметтік құндылықтар жүйелерінің айрықша нысандарына байланысты өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу тарихы

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары).** Қазақ әлеуметтану ғылымы қоғамды, оның қойнауындағы сан алуан әлеуметтік, экономикалық, құқықтық саяси діни рухани т.б құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, ұғындырудың жалпы теориялық методикалық негізгі темір қазығы болып табылады. Оның кезеңдері Классикалық кезең - Ш.Уәлихановтан, А.Құнанбаевтан және Ы.Алтынсариннен бастау алады; 2. Дамыған ағарту ісі кезеңі. Қазіргі заманғы Қазақстандық әлеуметтану ғылымының ролі мен мәні барған сайын арта түсуде. Бұл біріншіден, біздің қоғамдық өміріміздің барлық жақтарының реформалануына, екіншіден, қоғамдық өмірде әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік ортаның ролі мен маңызының арта түсуіне, үшіншіден, құқықтық мемлекеттің қалыптасып, азаматтар қоғамның орнауына байланысты. Қоғамдық дамуға әлеуметтану ғылымының ықпалы барған сайын арта түсетін болады.

**Күтілетін нәтижелері** Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдынарын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі.

Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

**Пререквизиттері:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы

**Постреквизиттері:** Инклюзивті білім беру

**Оқытушы:** Юлдашева Ф.

### 1.3. Пән атауы: Жалпы және әлеуметтік педагогика (3кредит, 135 сағат)

**Мақсаты:** болашақ әлеуметтік қызметкерлердің бойында жалпы және әлеуметтік-педагогика теориясы мен тәжірибесі туралы түсінік қалыптастыру.

**Курстың қысқаша сипаттамасы:**

Кіріспе. Жалпы педагогиканың теориялық негіздері. Тәрбие – қоғамдық құрылыс ретінде. Біртұтас педагогикалық үрдіс: негізі, ұйымдастыру формалары, жүзеге асыру әдістері. Әлеуметтік педагогиканың пайда болуы мен дамуы. Баланы қоғамда (социумда) дамыту. Әлеуметтік тәрбие. Әлеуметтендіру және оның факторлары. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология. Әлеуметтік-педагогикалық қызмет, әдістемесі мен технологиялары. Халықтың әртүрлі топтарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жүргізудің ерекшеліктері. Отбасыларымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар. Балалықты әлеуметтік қорғау – жалпы адамзаттық проблема ретінде. Девианттық мінез-құлық әлеуметтік проблема ретінде. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы әлеуметтік қамқорлық. Мектептер және әлеуметтік орта: өзара іс-қимыл жасау жолдары.

**Күтілетін нәтижелер:** - Жалпы және әлеуметтік-педагогиканың жалпы мағынасын түсіндіру.

- Пәнді оқу барысында жалпы және әлеуметтік-педагогика ілімін тәжірибеде қолдана отырып, әлеуметтік процестердің қазіргі таңда білуге және оны қажет уақытта тиімді қолдану.

- Жалпы және әлеуметтік-педагогика курсы менгеру барысында студент қосымша мәліметтермен жұмыс жүргізіп, осыған байланысты талдаулар жасалынып, пәннің алатын орнын бағалай білуі қажет.

- Жалпы және әлеуметтік-педагогика оқудың тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар дағдылық маңызы бар. Оқу әдістерінде негізінен әлеуметтанудың өзге үрдістермен салыстырғанда ерекшелігіне мән беріп, студенттер тарапынан баяндамалар, эссе, кейс әзірлеу, кешендік сұрақтарға жауап беруге дағдылануы тиіс.

- Студенттердің кәсіби шеберлігін көтере отырып, өз бетімен қажетті ақпарат жинау мен әзірлеуге дағдылану.

**Пререквизиттері:** Қазақстанның қазіргі заман тарихы

**Постреквизиттері:** Инклюзивті білім беру

**Оқытушы:** Жанысбеков Ә.Ж.

## **2.1 Пән атауы: Экономикалық теория негіздері (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** нарыққа өту жағдайында экономикалық теорияның практикалық функциясы елеулі күшейді. Бүгінде экономикалық теория мен шаруашылық жүргізудің практикасындағы қол үзуді болдырмау міндеті қойылым отыр. Шаруашылық жүргізу механизмінің радикалды реформасы экономикалық теория алдында жаңа міндеттер ұсынды. Ол қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірдің өзі қойған сұрақтарына жауап беру қажет.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Микро (тұтынушылар, фирмалар, жеке нарықтар) макро (жалпы экономика) және әлемдік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастар деңгейінде нарықтық экономиканың әрекет етуінің заңдары мен принциптері туралы білім алуы тиіс; Экономикалық ситуацияларды талдауда, болжауда және мемлекеттің экономикалық саясатының салдарын алды алуды экономикалық үлгілерді пайдалана білуі тиіс.

**Күтілетін нәтижелер:** Өз бетімен ізденіс жұмыстарның қырсырын игеріп, өзінің тұжырымдарын дәлелді және экономикалық сауатты жеткізе білуі керек.

**Пререквизиттер:** жоқ

**Постреквизиттер:** жоқ

**Оқытушы:** магистр Алиева Ф.У.

## **2.2 Пән атауы: Мемлекет және бизнес (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** болашақ басқару мамандығы бүгінгі күнгі менеджмент тұжырымдаланылады сапалы ұғынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу. Бұл пәннің оқытылуындағы басты мақсат, жас экономист-басқарушы кадрларды Қазақстан Республикасының экономикасының, жекелеген салаларының, кәсіпорындардың тиімділігін жоғарылату үшін, қолдағы бар ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін, менеджменттің жүйелік ыңғайы мен функцияларын, әдістерін, техника мен технологияларын, ұйымдастырушылық формалары мен құрылымдары білімді игеруге көмек беру.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** «Мемлекет және бизнес» пәнінің міндеті студенттерге инновациялық жобаларды басқару механизімін түсіндіру, заңдылықтарын анықтай отырып, нақты ұйымдастырушылық тапсырмаларды шешу тәсілдері мен әдістерін дайындау жөнінде ұсыныстар беру, яғни менеджментті басқару саласында маманданған, қажетті кәсібі иеленетін адамға түсінікті болатын ғылыми жүйеге айналдыру.

**Күтілетін нәтижелер:** Студенттердің инвестициялар саласынан ғылыми және машықтарды алу; Капиталды салымдардың экономикалық негіздеуін білу; инвестициялық тәуекелдерді табу және бағалау әдістемесін үйрену; оларды қысқарту жолдарын үйрену.

**Пререквизиттер:** жоқ

**Постреквизиттер:** жоқ

**Оқытушы:** магистр Мырзахметова Ж.Ж.

### **2.3 Пән атауы: Экономикалық ілімдер тарихы. (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Жалпы экономиканы зерттеудің алғы шарты экономикалық ілімдер тарихын зерттеу. Экономикалық ілімдер тарихы пәні мен әдістері. Классикалық саяси экономиканың пайда болуы мен дамуы. Маржинализм және неоклассикалық экономикалық теорияның қалыптасуы. Неолиберализм. Кейнсиандық. Институционалдық. Социалистік ойлардың пайда болуы. ХХ ғасырдың экономикалық теориясына кеңес ғалымдарының үлесі. Қазақстандағы экономикалық ойлардың пайда болуы мен дамуы.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Экономикалық ілімдер тарихының пәні және әдісі. Ежелгі дүние мен ортағасырдың экономикалық ілімдері. Экономикалық ілімдер тарихының пәні. Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жаздайлар. Шығыс және көне дәуірдегі экономикалық ой-пікірлер. Орта ғасырдағы экономикалық ілімдер. Мануфактура кезеңінен кейінгі дәуірдегі смитшіл классиктердің еңбектеріндегі өзін-өзі реттейтін экономика. С.Сисмонди мен П. Прудон - мануфактурадан кейінгі кезеңнің алғашқы сыншылары. К.Маркстің экономикалық теориясы.

**Күтілетін нәтижелер:** Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жағдайлар танып білу.

**Пререквизиттер:** жоқ

**Постреквизиттер:** жоқ

**Оқытушы:** э.ғ.к., аға оқытушы Мауленкулова Г.Е.

### **3.1 Пән атауы: «Құқық негіздері» (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату.

Оқу пәнін оқыту мақсаты қазіргі қоғамның қажеттілігі мен мүддесінен туындап отыр. Оқуының негізгі мақсаты заң мамандығын алмайтын студенттерге мемлекет және құқық теориясының негіздерін меңгеру, ұлттық құқықтың жетекші салаларының шеңберінде қажетті білім беру. Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси- құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Құқық негіздері болашақта өздерінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін іске асыру үшін, еңбекке құқығын жүзеге асыру, қоғамның және еліміздің қоғамдық- саяси өміріне белсенді қатысуға, оқушыларға заң білімдерін кешенді нысанда меңгеруге мүмкіндік береді.

**Күтілетін нәтижелері:** Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық

механизмнің жетілдірілуінің саяси - құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

**Пререквизиттер:** жоқ.

**Постреквизиттер:** жоқ.

**Оқытушы:** Палванова М.

### **3.2 Пән атауы: «Еңбек құқығы» (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Бұл пәннің негізгі мақсаты еңбек құқық қатынастарының мәні мен құрылымын студенттер жан-жақты түсіне алатын дәрежеге жеткізу. Азаматтар еңбек ету бостандығын, конституциялық құқығын әр түрлі нысанда қолдана алатыны. Еңбек құқығы дербес құқық саласы болып табылады, оның пәні, әдісі қағидалары бар және басқа құқық салаларынан айрықша ерекшеленеді. Практикалық қызметке жоғары кәсіби дайындау, болашақ заңгерлерді парасатты тұлғалар қатарына қосу. Еңбек құқығы дүниежүзілік заңнама мен құқықтанудың дамуына әсер етті. Әрбір сауатты заңгер еңбек құқығымен танысуға тиіс. Бұл пәннің мақсаты осы кезде халықаралық құқықта түрлі мемлекеттердің сауда және басқа азаматтық еңбек қатынастарында қолданылатын еңбек құқықтан бастау алған заң термин сөздерін меңгеру болып табылады.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазақстан Республикасының еңбек құқығы еңбек заңдылығының жүйесі, оның қағидалары, мақсаттары және құрлымы туралы мағлұмат алуы керек, оларды жетілдіру тарихын машықтау қажет, қызметкерлердің кейбір санаттарымен жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін білуі керек, жалақының нысандары мен жүйесін қамтуы керек, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және еңбек заңдылығын нормаларын қолдана білуі керек. Еңбектік және зейнетақылық салада сапалы кеңес беру, сонымен қатар еңбек құқығын еңбектік және әлеуметтік қамсыздандырушылық құқықтық қатынастарды жүзеге асыру үрдісінде пайдалана білуі керек.

**Күтілетін нәтижелері:** - «ҚР еңбек құқығы» курсын оқып бітірген соң студент ҚР еңбек заңдылығының жүйесін, оның қағидаларын, мақсаттары және құрылымы туралы мағлұмат алады;

- Қызметкерлердің кейбір санаттарының жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін, жалақының нысандары мен жүйесін қамту керек;

- Лауазымды тұлғалар мен қызметкердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және заңдылығының нормаларын қолдана білуі керек.

**Пререквизиттер:** Аталған курсты оқығанға дейін оқушылар орта және жалпы білім беру мектептерінде алған құқықтық және тарихи білімдері қажет. Құқық негіздері әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклінің басқа пәндерімен тығыз байланысты. Олардың құқық негіздерімен өзара байланысы оқудың негізгі объектісі- әртүрлі қоғамдық қатынастар.

**Постреквизиттер:** Студент нені үйренеді: нормативтік құқықтық мәселелердің мәнін түсіне білуді, жалпы құқықтық сұрақтарды өз бетінше шеше білуді, нормативтік актілерді дұрыс қолдана алуды үйренеді. Студент түрлі құқық салалары мен саяси ілімдердің жеке индивидке әсер етуін өз бетінше талдай алуы тиіс.

**Оқытушы:** Жаналиева А.

### **3.3 Пән атауы: «Әкімшілік құқық» (2 кредит, 90 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Әкімшілік құқық негізгі заң білімін беретін міндетті пәндердің бірі болып табылады. Әкімшілік құқық атқарушы биліктің ресімделуін түсіну үшін, биліктің субъектісін дараландырып, атқарушы билік органдарының ұйымдастырылуымен байланысты қатынастарды, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдар мен мемлекеттік басқару органдары арақатынасы кезінде пайда болатын қатынастарды реттейді.

**Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары):** Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі уақытта Қазақстан Республикасының экономикалық, саяси және құқықтық жүйелері елеулі түрде өзгереді. Осындай жағдайларда әкімшілік құқық құқық жүйенің негіздеуші

саласы ретінде жаңа түрін алады. Егеменді Қазақстанның жаңа мақсаттарына сәйкес экономикалық, саяси құқықтық және әлеуметтік мәдени салаларының әкімшілік құқықтық институттарын қайтадан қарастыру мүмкіндігі туындап отыр; құқықтық мемлекет идеялары билікті бөлу, адамның құқықтары және бостандықтарының басымдылығын қарастыру кезінде әкімшілік құқығының проблемаларын ескеру қажет.

Мемлекет ролінің, мемлекеттік басқарудың мәні, нысаны және әдістерінің өзгеруі әкімшілік құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерінің құралымы мен мазмұнын сын көзбен қарауын қажет етеді. Заңнаманың жаңаруы және оның тұрақты түрде өзгеріп отыруы әкімшілік құқықтық нормалар мен институттардың мазмұнына әсер ететін маңызды деректердің бірі болып табылады.

**Күтілетін нәтижелері:** Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы пәнін оқыту міндеттері:

- басқармалық қатынастардың ерекшеліктері мен мағынасын зерттеу;
- басқармалық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқықтық нормалардың қызметін анықтау;
- әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық орнын анықтау;
- әкімшілік қызметінің әдістері мен түрлерін зерттеу;
- әкімшілік құқықтың субъектілерінің жұмысында заңдылық тәртібін қамтамасыздандыратын тәсілдерін белгілеу.

**Пререквизиттер:** Аталған курсты оқығанға дейін оқушылар орта және жалпы білім беру мектептерінде алған құқықтық және тарихи білімдері қажет. Құқық негіздері әлеуметтік-гуманитарлық пәндер циклінің басқа пәндерімен тығыз байланысты. Олардың құқық негіздерімен өзара байланысы оқудың негізгі объектісі- әртүрлі қоғамдық қатынастар.

**Постреквизиттер:** Студент нені үйренеді: нормативтік құқықтық мәселелердің мәнін түсіне білуді, жалпы құқықтық сұрақтарды өз бетінше шеше білуді, нормативтік актілерді дұрыс қолдана алуы үйренеді. Студент түрлі құқық салалары мен саяси ілімдердің жеке индивидке әсер етуін өз бетінше талдай алуы тиіс.

**Оқытушы:** Бекбутаев Қ

## **Цикл атауы: Базалық пәндер циклы – 49 кредит (2205 сағат)**

### **4.1 Пән атауы: Жеңіл атлетика ( 3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Жеңіл атлетика» пәні студенттерге жүгіру, секіру, лақтыру түрлерінің негізгі тәсілдері туралы дағдыларға және білім беруге, президент сынақтары мен жалпы білім беру мектеп бағдарламасына кірген Мектептегі жеңіл атлетиканың негізгі түрлерін оқыту әдістемесін үйрету. Мектептегі жеңіл атлетика жарысын ұйымдастыру және өткізу дағдыларын бойларына сіңіру.

**Қысқаша мазмұны:** «Жеңіл атлетика» пәніне кіріспе және жеңіл атлетика теориясының жалпы сұрақтары, жүру мен жүргізу техникасының негіздері, секіру техникасының негіздері, лақтыру техникасының негіздері, лақтыру техникасының оқыту әдістемесі, жақын ара қашықтықта жүгірудің техникасын талдау және үйрету әдістемесі, ұзындыққа секірудің техникасын талдау және оқыту әдістемесі.

**Күтілетін нәтижелері :** Дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне жеңіл атлетика түрлерінің оқу әдістемесі және сол тапсырмаларды орындау үшін қолданылатын құралдар негізі бойынша білім беру.

Жергілікті халықтардың салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жеңіл атлетика түрлерін оқыту әдістемесін меңгеру. Бағдарлама материалын меңгеру үшін дәріс, әдістемелік және тәжірибелік сабақтар жүргізіледі. Ал өз бетінше сабақтың дайындық бөлімін өткізу үшін кешенді жаттығу құру және жазу қалпында жұмыстар өтеді.

**Пререквизит:** жоқ

**Постреквизит:** Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі, спорт медицинасы, адам физиологиясы.

**Оқытушы:** Ақылбек Ж.

### **4.2 Пән атауы: Көп сайыс ( 3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Көп сайыс» пәні студенттерге жүгіру, секіру, лақтыру түрлерінің негізгі тәсілдері туралы дағдыларға және білім беруге, президент сынақтары мен жалпы білім беру

мектеп бағдарламасына кірген Мектептегі жеңіл атлетиканың негізгі түрлерін оқыту әдістемесін үйрету. Мектептегі жеңіл атлетика жарысын ұйымдастыру және өткізу дағдыларын бойларына сіңіру.

**Қысқаша мазмұны:** «Көп сайыс» пәніне кіріспе және жеңіл атлетика теориясының жалпы сұрақтары, жүру мен жүргізу техникасының негіздері, секіру техникасының негіздері, лақтыру техникасының негіздері, лақтыру техникасының оқыту әдістемесі, жақын ара қашықтықта жүгірудің техникасын талдау және үйрету әдістемесі, ұзындыққа секірудің техникасын талдау және оқыту әдістемесі.

**Күтілетін нәтижелері:** Көп сайыс атлетиканың даму тарихы, Көп сайыс жаттығуларды жіктеу, жүйелеу терминологиясы. Көп сайыс жаттығулар техникасының негіздері. «Спорттық техника» түсінігін анықтау Спорттық нәтижелерді арттыруға арналған әдіс-тәсілдер маңызы. Сабақтар барысында көрсету түсіндірудің ерешеліктері оқыту әдістері мен жаттықтырудың негіздері. Түрлі сабақтар мен жаттығу түрлерінің жаттығу үйлесуі. Көп сайыс бойынша оқу жұмысын ұйымдастыру, жоспарлау және есептеу. Көп сайыс шұғылдануға арналған спорттық кешендер. Көп сайыс түрлердің техникасы. Көп сайыс түрлері бойынша жарыстар ережесі. Көп сайыс арналған орын дайындау. Көп сайыс түрлерін оқыту теориясы мен әдістемесі.

**Пререквизит:** «Көп сайыс» пәнін оқу үшін мына пәндер бойынша білім алу қажет, педагогикадан, анатомиядан, физиологиядан, ДШ және С теориясы мен әдістемесінен.

**Постреквизит:** «Көп сайыс» пәнінен алынған білім – дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесінде, спорттық биомеханикада, спорттық құрал-жабдықтарда, спорттық физиологияда, спортты медицинада, спорт гигиенасында, емдік дене шынықтыруда және дене шынықтыру мен спорттың теориясы мен методикасында қолданылады. Дәрісте студенттерге мектептегі жеңіл атлетика түрлерінің негізгі тәсілері мен жарыс төрешілігі туралқы негізгі мағлұмат беріледі. Әдістемелік сабақтарда мектептегі жеңіл атлетиканы меңгерудегі негізгі білімін біліктілігі мен дағдылыларын бақылау жүзеге асырылады. Практикалық сабақтарда мектептегі жеңіл атлетика түрлерінің тәсілдері мен оқыту әдістемесі жетілдіріледі. Студенттердің үлгерімі бақылау әдісімен есептелінеді. Тәжірибелік білімі үшін, үйренген әдіс – тәсілін меңгергені үшін мектептегі жеңіл атлетика бойынша қойылған өлшемдердің орындалуын бақылағаны үшін емтихан бағасы қойылады.

**Оқытушы:** Серимбетов Ж.

### 4.3 Пән атауы: Кросс (3 кредит, 135 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** «Кросс» пәні студенттерге жүгіру, секіру, лақтыру түрлерінің негізгі тәсілдері туралы дағдыларға және білім беруге, президент сынақтары мен жалпы білім беру мектеп бағдарламасына кірген Мектептегі жеңіл атлетиканың негізгі түрлерін оқыту әдістемесін үйрету. Мектептегі жеңіл атлетика жарысын ұйымдастыру және өткізу дағдыларын бойларына сіңіру.

**Қысқаша мазмұны:** «Кросс» пәніне кіріспе және жеңіл атлетика теориясының жалпы сұрақтары, жүру мен жүргізу техникасының негіздері, секіру техникасының негіздері, лақтыру техникасының негіздері, лақтыру техникасының оқыту әдістемесі, жақын ара қашықтықта жүгірудің техникасын талдау және үйрету әдістемесі, ұзындыққа секірудің техникасын талдау және оқыту әдістемесі.

**Күтілетін нәтижелері :** Кросс даму тарихы, Кросс жаттығуларды жіктеу, жүйелеу терминологиясы. Кросс жаттығулар техникасының негіздері. «Спорттық техника» түсінігін анықтау Спорттық нәтижелерді арттыруға арналған әдіс-тәсілдер маңызы. Сабақтар барысында көрсету түсіндірудің ерешеліктері оқыту әдістері мен жаттықтырудың негіздері. Түрлі сабақтар мен жаттығу түрлерінің жаттығу үйлесуі. Кросс бойынша оқу жұмысын ұйымдастыру, жоспарлау және есептеу. Кросс шұғылдануға арналған спорттық кешендер. Кросс түрлердің техникасы. Кросс түрлері бойынша жарыстар ережесі. Кросс арналған орын дайындау. Кросс түрлерін оқыту теориясы мен әдістемесі.

**Пререквизит:** «Кросс» пәнін оқу үшін мына пәндер бойынша білім алу қажет, педагогикадан, анатомиядан, физиологиядан, ДШ және С теориясы мен әдістемесінен.

**Постреквизит:** «Кросс» пәнінен алынған білім – дене шынықтыру және спорттың теориясы мен әдістемесінде, спорттық биомеханикада, спорттық құрал-жабдықтарда, спорттық

физиологияда, спорттық медицинада, спорт гигиенасында, емдік дене шынықтыруда және дене шынықтыру мен спорттың теориясы мен методикасында қолданылады. Дәрісте студенттерге мектептегі жеңіл атлетика түрлерінің негізгі тәсілері мен жарыс төрешілігі туралқы негізгі мағлұмат беріледі. Әдістемелік сабақтарда мектептегі жеңіл атлетиканы меңгерудегі негізгі білімін біліктілігі мен дағдылыларын бақылау жүзеге асырылады. Практикалық сабақтарда мектептегі жеңіл атлетика түрлерінің тәсілдері мен оқыту әдістемесі жетілдіріледі. Студенттердің үлгерімі бақылау әдісімен есептелінеді. Тәжірибелік білімі үшін, үйренген әдіс – тәсілін меңгергені үшін мектептегі жеңіл атлетика бойынша қойылған өлшемдердің орындалуын бақылағаны үшін емтихан бағасы қойылады.

**Оқытушы:** Рысбаев П.

### **5.1 Пән атауы: Гимнастика (4 кредит, 180 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Гимнастика» пәні мектепке дейінгі, мектеп және орта оқу орындарында т.б. дене шынықтыру мен спорт мекемелерінде кәсіби шеберлікті, дағдыны үйретуді қамтамасыз ету болып табылады.

**Қысқаша мазмұны:** Сабақтың құрылымы, сабақ оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы, сабақты өткізуге жалпы әдістемелік нұсқаулар, сабақтың дайындық, негізгі және қортынды бөлімдерінің міндеттері мен әдістемелік ерекшеліктері, қолды бүкпей және бүгіп жасайтын қимылдар, негізгі және қосымша қалыптары, қысқа жолмен және көлбете жасалатын қимылдар, аттап түсу, жүрмей отыру, жартылай жүрмей отыру, еңкею, мектеп оқушыларының қимыл қозғалыс әрекеттерін қалыптастыру және жетілдіру, гимнастика сабақтарының сыныпталуы, гимнастика сабақтарының құрылымы, түрлі снарядтарда, отырыстар, көтерілу, айналыстар.

**Күтілетін нәтижелері:** Бұл курс 05010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша білім алатын студенттерге арналған. «Гимнастика». Оқу жоспары бойынша «Гимнастика» пәніне 90 сағат бөлінген.

**Пререквизит:** жоқ

**Постреквизит:** Гимнастика оқыту әдістемесімен

**Оқытушы:** Рысбаев П.

### **5.2 Пән атауы: Көркем гимнастика (4 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Көркем гимнастика» пәні мектепке дейінгі, мектеп және орта оқу орындарында т.б. дене шынықтыру мен спорт мекемелерінде кәсіби шеберлікті, дағдыны үйретуді қамтамасыз ету болып табылады.

**Қысқаша мазмұны:** Сабақтың құрылымы, сабақ оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы, сабақты өткізуге жалпы әдістемелік нұсқаулар, сабақтың дайындық, негізгі және қортынды бөлімдерінің міндеттері мен әдістемелік ерекшеліктері, қолды бүкпей және бүгіп жасайтын қимылдар, негізгі және қосымша қалыптары, қысқа жолмен және көлбете жасалатын қимылдар, аттап түсу, жүрмей отыру, жартылай жүрмей отыру, еңкею, мектеп оқушыларының қимыл қозғалыс әрекеттерін қалыптастыру және жетілдіру, гимнастика сабақтарының сыныпталуы, гимнастика сабақтарының құрылымы, түрлі снарядтарда, отырыстар, көтерілу, айналыстар.

**Күтілетін нәтижелері:** Көркем гимнастика спорттың бір түрі. Көркем гимнастикамен қыз – келіншектер ғана шұғылданады. Көркем гимнастикаға затпен (доп, шеңбер, жалау) және затсыз орындалатын жаттығулар енеді. Олар міндетті және еркін жаттығулар болып екіге бөлінеді. Көркем гимнастиканың жалпы гимнастикадан ерекшелігі - қозғалыстың аса нәзік, үйлесімді болуында, би мен музыканың байланысты келуінде. Сондықтан көркем гимнастиканың дене шынықтырумен қатар, эстетикалық – тәрбиелік маңызы зор. Көркем гимнастика 1946 жылы жеке спорт түрі болып бөлінеді.

**Пререквизит:** Пәннің сапалы меңгерілуі үшін алдын-ала өтілетін пәндер: дене тәрбиесі және спорт, спорттық морфология, педагогика, психология, спорт, биомеханикасы, дене тәрбиесі және спорт ілімдері.

**Постреквизит:** пәнді меңгеру нәтижесіндегі алған білім курстарын игеруге қажет.

**Оқытушы:** Асубаев Б.

### **5.3. Пән атауы: Әуенді ритмика (4 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Әуенді ритмика» пәні мектепке дейінгі, мектеп және орта оқу орындарында т.б. дене шынықтыру мен спорт мекемелерінде кәсіби шеберлікті, дағдыны үйретуді қамтамасыз ету болып табылады.

**Қысқаша мазмұны:** Сабақтың құрылымы, сабақ оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формасы, сабақты өткізуге жалпы әдістемелік нұсқаулар, сабақтың дайындық, негізгі және қортынды бөлімдерінің міндеттері мен әдістемелік ерекшеліктері, қолды бүкпей және бүгіп жасайтын қимылдар, негізгі және қосымша қалыптары, қысқа жолмен және көлбете жасалатын қимылдар, аттап түсу, журмей отыру, жартылай жүрмей отыру, еңкею, мектеп оқушыларының қимыл қозғалыс әрекеттерін қалыптастыру және жетілдіру.

**Күтілетін нәтижелері:** Әуенді ритмиканы жіктеу, жүйелеу және терминологиясы және ритмикаға қарай билеу. Оқыту мен жаттықтырушының теориясы, әдістемесі. Жаттығуды үйрету негіздері, тәсілдері, дене және психикалық сапаларын арттыру. Әуенді ритмикалық дайындықтың түрлі жүйелерінде әуендік ритмикалық шеберлік жетілдіру процесін басқару. Әуендік ритмиканы дайындық пен оқыту практикасындағы кәсіптік – педагогикалық білімдер, біліктіліктер мен дағдылар бақылау – сынақ талаптары.

**Пререквизит:** Пәннің сапалы меңгерілуі үшін алдын-ала өтілетін пәндер: дене тәрбиесі және спорт, спорттық морфология, педагогика, психология, спорт, биомеханикасы, дене тәрбиесі және спорт ілімдері.

**Постреквизит:** пәнді меңгеру нәтижесіндегі алған білім курстарын игеруге қажет.

**Оқытушы:** Серимбетов Ж.

### **6.1 Пән атауы: Футбол (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Футбол кәсіптік арттыруға қажетті педагогикалық, ұйымдастырушылық іскерлікті арттыру. Ұғымдары анықтамасы дене сапаларын дамыту мен қызыметі дайындықтары оңтайландыруға арналған әдістермен тәсілдері. Тестілеу даму динамиаксын бағалау. Дене шынықтыру және спорт бойынша әр түрлі құрылымдық мекемелерге студенттерді гандболдан, баскетболдан кәсіби педагогикалық, жаттықтырушылық және ұйымдастыру жұмыстарына дайындау.

**Қысқаша мазмұны:** Әлемдегі және Қазақстандағы даму тарихы, футболшының ішкі және сыртқы қозғалыс құрлымы, қорғаныс тәсілдерін қалыптастыру және құру, футбол ойынның дағды қақпашы тәсілдерінің ерекшеліктері, тәсіл ойын мазмұнының негізі, ойын барысында кезеңдегі пайда болатын жағдайларды тәсіл арқылы жұптаса, топтаса шешу, жан-жақты дене дайындығының кәзіргі футболдағы нәтижелермен жетістіктерге жетуінің негіздері ретінде, жай және комплексті жаттығулар.

**Күтілетін нәтижелері:** Жоғарғы оқу орындарында «Футбол» пәнінің теориялық- практикалық маңызы. Осы пәннің басқа пәндермен байланысы. Спорттық жаттығуларды жетілдірудегі отандық және шет елдік жетістіктер. Футболдағы оқыту процесі оқушыны білімге, білік пен дағдыға, оларды үнемі дамытып, жетілдіруге үйретуге, сондай-ақ әдіс стратегия мен тәсілді, ойын ережелерін мен жаттықтыру әдістемесі мәселелері бойынша білім жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

**Пререквизит:** Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі

**Постреквизит:** Спорт медицинасы

**Оқытушы:** Серимбетов Ж.

### **6.2 Пән атауы: Кіші футбол (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Кіші футбол кәсіптік арттыруға қажетті педагогикалық, ұйымдастырушылық іскерлікті арттыру. Ұғымдары анықтамасы дене сапаларын дамыту мен қызыметі дайындықтары оңтайландыруға арналған әдістермен тәсілдері. Тестілеу даму динамиаксын бағалау. Дене шынықтыру және спорт бойынша әр түрлі құрылымдық мекемелерге студенттерді гандболдан, баскетболдан кәсіби педагогикалық, жаттықтырушылық және ұйымдастыру жұмыстарына дайындау.

**Қысқаша мазмұны:** Әлемдегі және Қазақстандағы даму тарихы, футболшының ішкі және сыртқы қозғалыс құрлымы, қорғаныс тәсілдерін қалыптастыру және құру, кіші футбол ойынның дағды қақпашы тәсілдерінің ерекшеліктері, тәсіл ойын мазмұнының негізі, ойын барысында кезеңдегі пайда болатын жағдайларды тәсіл арқылы жұптаса, топтаса шешу, жан-жақты дене дайындығының

кәзіргі футболдағы нәтижелермен жетістіктерге жетуінің негіздері ретінде, жай және комплексті жаттығулар.

**Күтілетін нәтижелері:** Даму тарихы .Разрядтық талаптар.Техникалы, тәсілдік қимылдарды жіктеу. йыншылар қызметі. Жеке және топтық қимылдар. Командалық тәсілдік ойын. Оқу- жаттығу сабақтарын жоспарлау және ұйымдастыру. Ойын қимылдарына үйрету әдістемесі. Жалпы және арнайы дене дайындығы .Техникалық –тәсілдік дайындық. Оқыту әдістемесі.

**Пререквизит:** Студенттер «Кіші футбол» пәнін практикалық және ауызша жағынан толық оқу үшін мынандай пәндер бойынша білім алуға тиіс: спорттық морфология, Биомеханика, Педагогика, Спорт психологиясы, Жас және жалпы физиология, Анатомия, Биохимия, Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінен.

**Постреквизит:** 5B010800–«Дене шынықтыру және спорт» мамандығына қатысты пәндерді оқыту барысында кіші футбол пәнін меңгерген студенттерге келесі пәндер бойынша білім қажет: «Спорттық медицинадан», «Спорттық гигиенасынан», «Спорт түрлерінің физиологиясынан», «Спорт ілімінен», «Педагогикалық және жаттықтырушылық практикадан». Бағдарлама студенттердің кіші футбол командаларының спорттық жаттығуын, баскетболды оқыту әдістемесі мен теориясын оқып үйренуін, әр түрлі дене тәрбиесі мекемелерінде және спорттық қозғалыстарда өз бетінше жаттықтырушылық, оқытушылық ұйымдастыру жұмыстарын атқару үшін, кәсіби педагогикалық дағдаларда қалыптастыруды қарастырады.

**Оқытушы:** Гусейнов М.

### **6.3 Пән атауы: Допты хоккей (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** Допты хоккей кәсіптік арттыруға қажетті педагогикалық, ұйымдастырушылық іскерлікті арттыру. Ұғымдары анықтамасы дене сапаларын дамыту мен қызметі дайындықтары оңтайландыруға арналған әдістермен тәсілдері. Тестілеу даму динамиаксын бағалау. Дене шынықтыру және спорт бойынша әр түрлі құрылымдық мекемелерге студенттерді гандболдан, баскетболдан кәсіби педагогикалық, жаттықтырушылық және ұйымдастыру жұмыстарына дайындау.

**Қысқаша мазмұны:** Әлемдегі және Қазақстандағы даму тарихы, допты хоккейшының ішкі және сыртқы қозғалыс құрлымы, қорғаныс тәсілдерінқалыптастыру және құру, допты хоккей ойынныңдағы қақпашы тәсілдерінің ерекшеліктері, тәсіл ойын мазмұнының негізі, ойын барысында кезеңдегі пайда болатын жағдайларды тәсіл арқылы жұптаса, топтса шешу, жан-жақты дене дайындығының- кәзіргі допты хоккей нәтижелермен жетістіктерге жетуінің негіздері ретінде, жай және комплексті жаттығулар.

**Күтілетін нәтижелері:** Даму тарихы. Разрядтық талаптар. Техникалы, тәсілдік қимылдарды жіктеу. Ойыншылар қызметі. Жеке және топтық қимылдар. Командалық тәсілдік ойын. Оқу- жаттығу сабақтарын жоспарлау және ұйымдастыру. Ойын қимылдарына үйрету әдістемесі. Жалпы және арнайы дене дайындығы .Техникалық –тәсілдік дайындық .Оқыту әдістемесі.

**Пререквизит:** Студенттер «Допты хоккей» пәнін практикалық және ауызша жағынан толық оқу үшін мынандай пәндер бойынша білім алуға тиіс: спорттық морфология, Биомеханика, Педагогика, Спорт психологиясы, Жас және жалпы физиология, Анатомия, Биохимия, Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінен.

**Постреквизит:** 5B010800–«Дене шынықтыру және спорт» мамандығына қатысты пәндерді оқыту барысында допты хоккей пәнін меңгерген студенттерге келесі пәндер бойынша білім қажет: «Спорттық медицинадан», «Спорттық гигиенасынан», «Спорт түрлерінің физиологиясынан», «Спорт ілімінен», «Педагогикалық және жаттықтырушылық практикадан». Бағдарлама студенттердің допты хоккей командаларының спорттық жаттығуын, әр түрлі дене тәрбиесі мекемелерінде және спорттық қозғалыстарда өз бетінше жаттықтырушылық, оқытушылық ұйымдастыру жұмыстарын атқару үшін, кәсіби педагогикалық дағдаларда қалыптастыруды қарастырады.

**Оқытушы:** Асубаев Б.

### **7.1 Пән атауы: Волейбол (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Дене шынықтыру және спорт» бойынша әртүрлі құрылымдық мекемелерге студенттерді волейболдан кәсіби-педагогикалық, жаттықтырушылық және

ұйымдастырушылық жұмыстарына дайындау. Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдары КССРО-дағы волейбол. Соғысқа дейінгі одан кейінгі негізгі жарыстарды талдау. Қазақстандық баскетбошылардың КССРО біріншілігіне, КССРО халықтарының спартакиадасына, Орта Азия және Қазақстан спартакиадасына қатысуы. Қазақстандағы волейболдың пайда болуы және дамуы. Волейбол кешенді республикалық спорттық шаралар бағдарламасында. Волейбол бойынша алғашқы қазақстандық КССРО спорт шеберлері, КССРО еңбек сіңірген жаттықтырушылары.

**Қысқаша мазмұны:** Шабуыл, ойын, жоспарлау, ұйымдастыру және оқу процесінің мазмұны, волейболдан жарыстар ұйымдастыру және өткізу, жарақаттың алдын алу жолдары, спорттық жылдың қорытындысы және волейболды дамытудың кезекті міндеттері, жоғары дәрежелі волейболшылар, жаттықтыру үрдісін ұйымдастыру, құрама командалармен жұмыс істеу ерекшеліктері.

**Күтілетін нәтижелері:** Бағдарлама студенттердің волейбол командаларының спорттық жаттығуын, волейбол оқыту әдістемесі мен теориясын оқып-үйренуін, әртүрлі дене тәрбиесі мекемелерінде және спорттық қозғалыстарда өз бетінше жаттықтырушылық, оқытушының ұйымдастыру жұмыстарын атқару үшін кәсіби-педагогикалық дағдыларды қалыптастыруды қарастырады. Спорттық ойын ретінде волейболдың пайда болуы және оның даму кездері. Ресейдегі революция алдындағы волейбол. Волейболдың тарала бастауы. Командалардың жарысы және спорттық деңгейі.

**Пререквизит:** Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі

**Постреквизит:** Спорт медицинасы, педагогикалық практика

**Оқытушы:** Балхашов Д.

## 7.2. Пән атауы: Жағажай волейболы (3 кредит, 135 сағат)

**Оқытудың мақсаты:** «Дене шынықтыру және спорт» бойынша әртүрлі құрылымдық мекемелерге студенттерді жағажай волейболы кәсіби-педагогикалық, жаттықтырушылық және ұйымдастырушылық жұмыстарына дайындау. Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдары КССРО-дағы жағажай волейбол. Соғысқа дейінгі одан кейінгі негізгі жарыстарды талдау. Қазақстандық баскетбошылардың КССРО біріншілігіне, КССРО халықтарының спартакиадасына, Орта Азия және Қазақстан спартакиадасына қатысуы. Қазақстандағы волейболдың пайда болуы және дамуы. Жағажай волейболы кешенді республикалық спорттық шаралар бағдарламасында. Жағажай волейболы бойынша алғашқы қазақстандық КССРО спорт шеберлері, КССРО еңбек сіңірген жаттықтырушылары.

**Қысқаша мазмұны:** Шабуыл, ойын, жоспарлау, ұйымдастыру және оқу процесінің мазмұны, волейболдан жарыстар ұйымдастыру және өткізу, жарақаттың алдын алу жолдары, спорттық жылдың қорытындысы және волейболды дамытудың кезекті міндеттері, жоғары дәрежелі волейболшылар, жаттықтыру үрдісін ұйымдастыру, құрама командалармен жұмыс істеу ерекшеліктері.

**Күтілетін нәтижелері:** Спорттық машықтанудың ілімі, әдістемесі және тәжірибесі бойынша білім беру. Жағажай волейболы оқыту әдістемесінде және Жағажай волейбол ойынының техникалық элементтерін ұтымды орындауда дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру. Қауіпсіздік техникасын ережелерімен және спорттық киімін ұқыпты ұстаудың гигиеналық нормаларымен таныстару және оларды орындауда дағдыны қалыптастыру. Әр түрлі ойын жүйесі мен ойын сәттері кезінде, ойыншылардың алаңдағы тактикалық өзара әрекеттестігіне байланысты (бойынша) дағдыны қалыптастыру және білім беру. Оқу – жаттығу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау бойынша біліктілікті қалыптастыру. Студенттерді әр түрлі жастағы топтармен жұмыс істеуге ауызша және практика жүзінде дайындау. Спорттық дайындықты басқару, бақылаудың әдістемелік негіздері және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша дағдыларды қалыптастыру.

**Пререквизит:** Спорт медицинасы

**Постреквизит:** 5B010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына қатысты пәндерді оқыту барысында жағажай волейболы мамандығын меңгерген студенттерге келесі пәндер бойынша білім қажет. «Спорттық медицинадан», «Спорт гигиенасынан», «Спорт түрлерінің физиологиясынан», «Спорт ілімінен», «Спорт социологиясынан», «Педагогикалық және жаттықтырушылық практикадан». Бағдарлама, оқу жұмысын ұйымдастыру және оның мазмұны, волейболды оқытудың әдістемесі мен теориялық курсының өту барысындағы сынақ талаптары.

**Оқытушы:** Асубаев Б.

### **7.3. Пән атауы: Пионербол (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Дене шынықтыру және спорт» бойынша әртүрлі құрылымдық мекемелерге студенттерді пионерволдан кәсіби-педагогикалық, жаттықтырушылық және ұйымдастырушылық жұмыстарына дайындау. Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдары Соғысқа дейінгі одан кейінгі негізгі жарыстарды талдау. Қазақстандық баскетбошылардың КССРО біріншілігіне, КССРО халықтарының спартакиадасына, Орта Азия және Қазақстан спартакиадасына қатысуы. Қазақстандағы пионерволды пайда болуы және дамуы. Пионербол кешенді республикалық спорттық шаралар бағдарламасында. Пионервол бойынша алғашқы қазақстандық КССРО спорт шеберлері, КССРО еңбек сіңірген жаттықтырушылары.

**Қысқаша мазмұны :** Пионербол, шабуыл, ойын, жоспарлау, ұйымдастыру және оқу процесінің мазмұны, пионервол жарыстар ұйымдастыру және өткізу, жарақаттың алдын алу жолдары, спорттық жылдың қорытындысы және пионерволды дамытудың кезекті міндеттері, жоғары дәрежелі пионерволшылар, жаттықтыру үрдісін ұйымдастыру, құрама командалармен жұмыс істеу ерекшеліктері.

**Күтілетін нәтижелері :** Спорттық машықтанудың ілімі, әдістемесі және тәжірибесі бойынша білім беру. Пионербол оқыту әдістемесінде және пионервол ойынының техникалық элементтерін ұтымды орындауда дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру. Қауіпсіздік техникасын ережелерімен және спорттық киімін ұқыпты ұстаудың гигиеналық нормаларымен таныстару және оларды орындауда дағдыны қалыптастыру. Әр түрлі ойын жүйесі мен ойын сәттері кезінде, ойыншылардың алаңдағы тактикалық өзара әрекеттестігіне байланысты (бойынша) дағдыны қалыптастыру және білім беру. Оқу – жаттығу үрдісін ұйымдастыру және жоспарлау бойынша біліктілікті қалыптастыру. Студенттерді әр түрлі жастағы топтармен жұмыс істеуге ауызша және практика жүзінде дайындау. Спорттық дайындықты басқару, бақылаудың әдістемелік негіздері және ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша дағдыларды қалыптастыру.

**Пререквизит:** Студенттер «Мамандандыру» пәнін практикалық және ауызша жағынан толық оқуы үшін мынадай пәндер бойынша білім алуға тиіс: спорттық морфология, биомеханика, педагогика, спорт психологиясы, жас және жалпы физиология, анатомия, биохимия, дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Спорттық разряд және дәреже алу үшін разрядтық талаптар және волейболшылардың техникалық-тактикалық дайындығының нормативтері. Дене шынықтыру институтында жоғары дәрежелі мамандарды даярлау (оқытушылар және жаттықтырушылар) – волейболдың арғы дамуының маңызды шарттарының бірі.

**Постреквизит:** 5В010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына қатысты пәндерді оқыту барысында пионервол мамандығын меңгерген студенттерге келесі пәндер бойынша білім қажет. «Спорттық медицинадан», «Спорт гигиенасынан», «Спорт түрлерінің физиологиясынан», «Спорт ілімінен», «Спорт социологиясынан», «Педагогикалық және жаттықтырушылық практикадан». Бағдарлама, оқу жұмысын ұйымдастыру және оның мазмұны, пионерволды оқытудың әдістемесі мен теориялық курсының өту барысындағы сынақ талаптары.

**Оқытушы:** Рысбаев П.

### **8.1 Пән атауы: Баскетбол (3 кредит, 135 сағат)**

**Оқытудың мақсаты:** «Дене шынықтыру және спорт» бойынша әртүрлі құрылымдық мекемелерге студенттерді қолдобынан кәсіби-педагогикалық, жаттықтырушылық және ұйымдастырушылық жұмыстарына дайындау. Кеңес Үкіметінің алғашқы жылдары КССРО-дағы баскетбол. Соғысқа дейінгі одан кейінгі негізгі жарыстарды талдау. Қазақстандық баскетбошылардың КССРО біріншілігіне, КССРО халықтарының спартакиадасына, Орта Азия және Қазақстан спартакиадасына қатысуы. Қазақстандағы баскетболдың пайда болуы және дамуы. Баскетбол кешенді республикалық спорттық шаралар бағдарламасында. Баскетбол бойынша алғашқы қазақстандық КССРО спорт шеберлері, КССРО еңбек сіңірген жаттықтырушылары.

**Қысқаша мазмұны:** Баскетболдағы техникалық-тактикалық әрекеттерді топтастыру, жоспарлау, ұйымдастыру және оқу процесінің мазмұны, шабуыл жасаудағы және қорғанудағы жеке және топтық тактикалық әрекеттер, шабуыл және қорғанудағы командалық тактикалық әрекеттер.

**Күтілетін нәтижелері:** Бағдарлама студенттердің қол добы командаларының спорттық жаттығуын, қол добын оқыту әдістемесі мен теориясын оқып-үйренуін, әртүрлі дене тәрбиесі мекемелерінде және спорттық қозғалыстарда өз бетінше жаттықтырушылық, оқытушының ұйымдастыру жұмыстарын атқару үшін кәсіби-педагогикалық дағдыларды қалыптастыруды қарастырады. Спорттық ойын ретінде баскетболдың пайда болуы және оның даму кездері. Ресейдегі ревалюция алдындағы баскетбол. Баскетболдың тарала бастауы. Командалалардың жарысы және спорттық деңгейі.

**Пререквизит:** Таңдаған спорт түрінің теориясы мен әдістемесі

**Постреквизит:** Анатомия спорттық морфология негіздері

**Оқытушы:** Манекеев Ш

### **8.2. Пән атауы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері (3 кредит, 135 сағат)**

